

**М.С. Алшынбекова,  
Н.З. Жуманбекова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан  
E-mail: madok.17@mail.ru*

## **Қазақ, қытай тілдеріндегі эмотивті фразеологизмдерді лингвомәдени тұрғысынан талдау**

**Аңдатпа.** *Әр халықтың тілінде ұлттық колоритті білдіретін сөз тіркестері болады. Фразеологизмдерде ұлттық мәдениеттің, тарихтың ақпараты сақталады. Қазақ, қытай фразеологизмдері өзіндік мәдени айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде қазақ, қытай тілдерінің фразеологизмдерін түсінуде кедергі тудырады.*

*Бұл мақалада қазақ және қытай халықтарының тілі мен мәдениеті ескеріле отырып, лингвомәдениеттану ғылымының тұрғысынан адамның эмоциясын білдіретін фразеологизмдердің қолдану ерекшелігі қарастырылады. Сондай-ақ, қазақ, қытай фразеологизмдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланып, екі халықтың мәдени ерекшеліктері талқыланды.*

*Мақалада жүргізілген зерттеудің талдау нәтижелері ұсынылып, фразеологизмдердің қалыптасуына тарихи, әлеуметтік және мәдени оқиғалар мен құбылыстардың әсері ету нәтижесі көрсетілген.*

*Бүгінгі таңда салыстырмалы фразеология жан-жақты қарастырылып, теориялық және практикалық қолданбалы жақтары терең зерттеліп келеді. Сондай-ақ, фразеологизмдерді лингвомәдени тұрғысынан қарастыру әр халықтың ұлттық ерекшелігін тануда маңызды орынға ие.*

*Фразеологизмдерді түсіну халықтың мәдени коннотациясымен тығыз байланысты. Аталмыш мақала қытай тілін үйренушілерге қазақ, қытай фразеологизмдерінің мәдени коннотациясын түсінуге, сондай-ақ, олардың коммуникациялық машығын жетілдіруге көмектеседі. Екі тілдегі фразеологизмдерді лингвомәдени тұрғысынан зерттеу тіл үйренушілеріне фразеологизмдерді орынды пайдалануға, мәдениетаралық коммуникация барысындағы түсініспеушілікті жоюға көмектеседі, тіл үйрену барысында көптеген кедергілердің алдын алуға септігін тигізеді. Мақала материалдары лингвистика мен тілдерді зерттейтін оқытушылар мен студенттер үшін практикалық құндылығы бар. Бұл мақалада жалпы саны 100 эмотивті фразеологизмдер іріктелді, оның ішінде қазақ тілінде -60, қытай тілінде-40.*

**Түйін сөздер:** *эмоция, фразеология, фразеологизмдер, лингвомәдениеттану, мәдениет, мәдени коннотация, әлем бейнесі.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-19-26>

**Кіріспе.** Эмоция адамның қай ұлтқа жататынына қарамастан, кез келген адамға тән. Алайда, әр ұлттың эмоциялық күйі әр тілде әр түрлі көрініс табады. Фразеологизмдер адамның эмоциясын көрсетуде маңыздылығы айрықша, олар әр халық тілінің ұлттық ерекшелігін, мәдениет пен ділін көрсетеді.

Қазақ, қытай фразеологизмдерін лингвомәдени тұрғыдан зерттеу қазіргі таңда өзекті болып табылады. Сонымен қатар тіл білімінде қазақ, қытай тілдерінде адамның теріс эмоциясын білдіретін фразеологизмдерді салғастыра зерттеу аз.

Адамның теріс эмоциясын білдіретін фразеологизмдер семантикасы бойынша

ауқымды және алуан түрлі. Олар: ашу, қорқу, қайғы, мазасыздық, уайым, қобалжу, ұялу, т.б.

Тілдің ерекшелігін оны басқа тілдермен салғастыру арқылы түсінуге болады. Қытай тілінің ерекшелігін түсіну үшін оны туыс емес тілдермен салғастыра зерттеу маңызды.

Фразеологизмдер халық өмірінің барлық аспектілерін көрсетеді. Әр тілдің фразеологиялық қоры өзінің құрамы бойынша бірегей болып табылады. Фразеологиялық қорды дәстүрлі мәдениеттің тасымалдаушысына жатқызуға болады.

Көптеген лингвистер фразеологиялық бірліктердің негізгі қызметтерінің бірі – оның тілге эмоционалдық бояу беретіндігі деген ортақ пікірге келеді. З е р т т е у д і ң негізгі мақсаты – туыс емес екі тілде фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшелігіне салғастырмалы талдау жасау. Соңдай-ақ, фразеологизмдердің тілдегі эмоционалды экспрессивті функциясын қарастыру, қазақ, қытай тілдеріндегі адамның теріс эмоциясын білдіретін фразеологизмдерге семантикалық талдау жүргізу.

Бұл мақалада жалпы саны 100 эмотивті фразеологизмдер іріктелді, оның ішінде қазақ тілінде -60, қытай тілінде-40.

**Зерттеу әдістері.** Аталмыш зерттеуде салғастырмалы әдіс, лингвомәдени талдау әдісі, сандық әдіс қолданылды. Зерттеу 3 кезең бойынша жүзеге асырылды:

1. Бірінші кезеңде зерттеу тақырыбының теориялық мәні, зерттеудің мақсатына сәйкес аталмыш тақырып бойынша шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынып, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері айқындалды.

2. Зерттеудің екінші кезеңінде қазақ және қытай тілдеріндегі фразеологияның қалыптасуы мен қызметінің ерекшеліктері қарастырылып, адамның теріс психоэмоционалдық күйін білдіретін фразеологизмдердің ортақ және айырмашылық тұстары айқындалды.

3. Үшінші кезең – зерттеу жұмысының қорытынды бөлігі. Қазақ және қытай тілдеріндегі фразеологизмдердің лингвомәдени тұрғысынан зерттеудің негізгі нәтижелері көрсетілді.

**Мәселенің зерттелу тарихы.** 1950 жылы қытай тілі білімінде, соның ішінде фразеологияда ілгерілеушілік байқалды. 1970 жылдардың аяғы, әсіресе 1980 жылдарда лексикология, фразеологияға қатысты көптеген

монографиялар пайда болды. Қазіргі таңда қытай лингвистикасында фразеологияның орны қарапайым. Фразеология тіл білімінің жеке саласы емес, фразеология лексикология мен стилистиканың бөлімдерінде қарастырылады. 1980-1990 жылдары қытай фразеологиясы бойынша көптеген зерттеу жұмыстары жарияланды, фразеология тек лингвистикалық ғылымның ішінде ғана емес, сонымен қатар басқа ғылымдармен тоғысқан жерінде қарастырылып, қытай фразеологизмдерін басқа тілдермен салыстыра зерттеу пайда болды. Қытай елінде қазіргі таңда қос тілді фразеологиялық сөздіктердің құрастырылуы – қытай лексикографиясының жетістігін, сондай-ақ, қоғамның фразеологизмдерді зерттеуге деген қызығушылығын, тілдік практикада дұрыс қолдануға деген сұраныстың артқанын көрсетеді. Қытай тілінде фразеологияны зерттеуші лингвистердің ішінде ең көрнектілері ретінде Мо Гофань, Ни Баоюань, Чжан Чжигун, т.б. саналады [1,31-34].

Қазақстандық қытайтануда қытай тілінің фразеологиясы көптеген зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Бұл салада Даулетова Ф.Н. «Қытай және қазақ тілдері фразеологизмдеріне лексикографиялық салыстырмалы талдау» атты диссертациясын айтуға болады [2].

**Талқылау.** Фразеологизмдер – ұлттық мәдениеттің, тұрмыс-тіршіліктің, тарих қойнауының қайнар көзі. Фразеологизмдер – халық даналығы.

Қытай елінде фразеологизмдерді дұрыс, орынды пайдалану әрқашан бағаланып, адамның білімділік деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Чэньюй – бұл тұрақты фразеологиялық сөз тіркесі (әдетте төрт иероглифтен тұрады), ежелгі қытай тілінің нормасы бойынша құралған, ауыспалы мағынаға ие, экспрессивті қызметі бар, сөйлем мүшесін атқарады [3, 75].

Қорқыныш – теріс эмоция. Қорқыныштың қорқу, шошу, қатты қорқу (аффект) деген қарқындылық деңгейі болады. Белгісіз қауіп төнген кезде адамның бойын мазасыздық күй билейді. Жоғары деңгейдегі мазасыздық психикалық қызметті бұзады [4, 436-437].

Адамның бетіндегі мимикалық бұлшықеттер (200-ге жуық) эмоционалдық күйді білдіреді [5, 527].

Қытай тілінің эмотивті фразеологиясы ұлт мінезінің ерекшелігін көрсетеді. Қытай халқы ұялшақ, ұяң болып келеді.

Қытай мәдениетінде сезімді ашып жеткізу құпталмайды. Сондықтан қытай халқы фразеологиялық оралымдарды жиі қолданады.

Қытай ұлты конфуциандық идеяның ықпалынан қалыптасты. Ұлы ойшыл Конфуцийдің айтуы бойынша, мінсіздікке ұмтылатын адам тағдырды құрметтеп, одан қорқуы тиіс. Сондықтан қытай тілінде қорқыныш мағынасы бар фразеологизмдер көп [6,39-40].

Қытай тіліндегі «қорқыныш» ұғымы 畏惧 (сөзбе-сөз қорқу) және бөлек 畏 [wèi] (қорқу), 惧 [jù] (қауіптену) сияқты синонимдермен беріледі. Қорқыныштың өсу дәрежесіне байланысты мынадай бірізділік бар: қорқыныш (害怕 [hài pà]), шошу (惊吓 [jīng xià]) қатты үрейлену (恐惧 [kǒng jù]) [7, 604].

Қазақ, қытай тілдеріндегі қорқыныш мағынасын білдіретін фразеологизмдердің қорқу қарқындылығы мен тізімі 1,2-кестелерде көрсетілген.

1-кесте

**Қазақ, қытай тілдеріндегі қорқыныш мағынасын білдіретін фразеологизмдердің қорқу қарқындылығы**

Қорқу	Жаны қарабақайына кету; Аза бойы қаза болу; Жаны түршігу
Шошу	Селк ету /шошу /; Үрейі ұшу; Зәресі //ұшу// кету //қалмау
Қатты қорқу	Шыбын жаны шыға жаздау; Өлердей қорқу
害怕	前怕狼后怕虎; 初生牛犊不怕虎; 真金不怕火炼
惊吓	心惊肉跳; 胆战心惊; 大惊失色
恐惧	惊恐失色; 惶恐不安; 恐慌万状

Кесте [8],[9] дерек көздері бойынша жасалды.

Қазақ, қытай тілдеріндегі қорқыныш мағынасын білдіретін фразеологизмдердің тізімі

Фразеологизмдердің мағынасы	Қазақ тіліндегі фразеологизмдер	Қытай тіліндегі фразеологизмдер
Қорқу	<p>Әбігер болу                      Жүрегі қобалжу(қорқу)                      Зәресін алып, құтын қашыру                      Зәресі зәр түбіне кету                      Жүрегі тас төбесіне шығу                      Жүрегі бүлк/солқ ету                      Төбе шашы тік тұру                      Аза бойықазға болу                      Жаны қарабақайына кету                      Жаны тырнағының (мұрнының) ұшына келу                      Екі көзі атыздай болу                      Жаны көзіне көріну                      Есі кету                      Жаны түршігу                      Арқасы мұздап қоя берді                      Зәре жоқ                      Иманы ұшу                      Көзі шарасынан шығу                      Су жүрек                      Үрейі ұшу                      Зәрезап болу                      Өлердей қорқу                      Шыбын жаны шыға жаздау                      Көзіне қос көріну                      Қойнына жылан салып жібергендей                      Иманы ғасыл /қасым болу                      Қол-аяғы дірілдеу                      Жүрегі зырк ете қалу                      Тілі байлану                      Селкету/шошу</p>	<p>人言可畏                      畏首畏尾                      芒刺在背                      掩面失色                      毛骨悚然                      惊慌失措                      危言耸听                      谈虎色变                      提心掉胆                      胆战心惊                      闻风丧胆                      亡魂丧胆                      惊心掉胆                      人心惶惶                      初生牛犊不怕虎                      心惊肉跳                      前怕狼，后怕虎                      大惊失色                      惊恐失色                      心有余悸</p>

Кесте [8],[9] дерек көздері бойынша жасалды.

**Нәтижелер.** Екі тілде фразеологизмдерді лексика-семантикалық талдау кезінде екі халықтың дүниетанымындағы «қорқыныш» туралы түсінігінде тілдік ұқсастықтар бары анықталды. Қорқыныш эмоциясы екі тілде де фразеологизмдерде «жүрек», «жан» деген соматизмдерді қолдану арқылы көрсетілген. Тілдің әлем бейнесінде бұл органдар эмоцияның, адам сезімінің қайнар көзі. Екі елдің лингвомәдениеті бойынша адамның жаны ең баға жетпес құнды қазынасы, сондықтан ол болып жатқан оқиғаларға қатысты өте сезімтал. Мысалы: Жаны қара бақайына кету; 亡魂丧胆.

Алайда, қытай тілінде «қорқы-ныш» эмоциясын білдіруде «胆» (өт қабы) иероглифі «жүрек», «жан» соматизмдерімен бірдей деңгейде қолданылады. 胆 иероглифі батыллықтың жетіспеушілігін білдіреді.

Мысалы: 提心吊胆. Қытай халқының дүниетанымында қорқыныш батыллықтың жетіспеушілігінен көрініс табады.

Қорқыныш эмоциясы адамның бойында физиологиялық өзгерістердің пайда болуына әкеледі. Қорқыныш адам ағзасын белгілі бір қозғалысқа ұшыратады. Мысалы: адам қорыққанда жүрегі дүрсілдейді, тер бөлінеді, аяқ-қолдары дірілдейді. Беттегі мимикалық бұлшықеттер эмоционалдық күйді білдіреді. Беттегі мимика мен дене қозғалысын білдіретін қазақ және қытай фразеологизмдері адамның қорқынышын көрсетеді. Мысалы: төбе шашы тік тұру; қол-аяғы дірілдеу; тұла бойы түршігу/ шымырлау/тітіркену; жүрегі бүлк //солқ// ету; көзі шарасынан шығу; көзі алақандай/ атыздай болу; екі көзі атыздай болу; 提心掉胆 (ауыспалы мағ. қорқыныштан дірілдеу) (тура мағ. өт қабын құлатып алудан қорқу); 毛骨悚

然 (ауыспалы мағ. шашы тік тұру), (тура мағ. түктері тікireйіп сүйекке қадалу); 掩面失色 (ауыспалы мағ. қорқу) (тура мағ. бетін жауып өңі өзгерді); 目瞪口呆 (ауыспалы мағ. қорқу) (тура мағ. көзің бақырайтып қарап ауызын ашу).

Көптеген қазақ, қытай фразеологизмдерінде қорқыныш сезімі қозғалыстың жоғалуы, сөйлеу мүмкіндігінен айырылу, ойлауды тоқтату симптомдарын тудырып, қатты қорқу деңгейін білдіреді. Мысалы: тілі таңдайына жабысып қалу; тілі байлану; есі кету. 呆若木鸡 (ауыспалы мағ. қорқыныштан қатып қалу), (тура мағ. ағаш тауықтай қатып қалу); 噤若寒蝉 (ауыспалы мағ. қорқыныштан сөйлей алмау), (тура мағ. цикада сияқты үндемеу).

Фразеологизмдерді өткен тарихтың, аңыздар мен мифтердің, салт-сананың көрінісі деп қарауға болады.

Әр ұлт мәдениетінде әлем бейнесі әр түрлі бейнелермен беріліп, әр түрлі бояулармен көрсетіледі. Жануарлардың бейнесі арқылы адам әлемді, өзін-өзі таниды, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекеттері туралы түсінігі қалыптасады. Қазақ, қытай фразеологизмдерінде қазақ, қытай халқының ұлттық дүниетанымын танытатын фразеологизмдерде жануарлардың бейнесі жиі қолданылады. Мысалы: 胆小如鼠 (тура мағ. тышқанның өт қабы сияқты кішкентай), (ауыспалы мағ. барлық нәрседен қорқу); 麋骇雉伏 (ауыспалы мағ. біреу қорыққаннан тығылу, (тура мағ. түйеқұс басын құмға тықты).

Жолбарыс – қытай халқы үшін аңдардың патшасы, қазақ мәдениеті үшін арыстан. Жолбарыс – батылдықты, күштілікті білдіреді. Ол қатігез, аяушылықты білмейтін аң. Одан барлығы қорқады. Қытай мәдениетінде жолбарысты 老虎 «құрметті жолбарыс» деп атайды. Жолбарыс бейнесі көптеген фразеологизмдердің негізінде жатыр. Қытай мәдениетінде жолбарыс өте қауіпті жағдаймен байланыстырылады, бұл аң туралы айтудың өзі қорқынышты [3, 320-323].

Жолбарысқа байланысты қытай тілінде көптеген фразеологизмдер бар. 春冰虎尾 (ауыспалы мағ. өте қауіпті жағдай), (тура мағ. көктемгі мұздың үстімен жүру, жолбарыстың құйрығын басу). 谈虎色变 (ауыспалы мағ. бір нәрсені еске алғанда қорқыныш билейді), (тура мағ. жолбарыс туралы айтқанда, өңі өзгеріп кетеді). 前怕狼后怕虎 (ауыспалы мағ. әр нәрсені қорқақтап жасау, шешім қабылдай алмайтын адамды суреттейді), (тура мағ.

алдыда қасқырдан қорқу, артта жолбарыстан қорқу). 初生牛犊不怕虎 (ауыспалы мағ. жас бала қатерден қорықпайды), (тура мағ. жаңа туған бұзау жолбарыстан да қорықпайды) [6, 81].

Қытай мәдениетінде иттің бейнесі теріс мағынаны білдіреді. 鸡飞狗跳 (ауыспалы мағ. не істерін білмеу, өте қатты қорқу), тура мағ. тауық ұшып кетті және ит секіріп жүр) [6, 82].

Қытай тілінде көптеген фразеологизмдер аңыздар мен тарихи оқиғалардан бастау алады. 风声鹤唳. Желдің гуілін және тырнаның дауысын қуып келе жатқан жаудың дыбысы деп есептеп қалу. Шығыс Цинь династиясы кезінде Фу Цзянь императоры соғыстан жеңіліп, солдаттарымен қашып кетеді. Солдаттар қорыққаннан желдің дыбысы мен тырналардың дауысын жаудың дауысы деп есептеп қалды. Сондықтан бұл фразеологизм біреудің қатты қорқынышын білдіреді және қауіпті асыра сілтеп жіберу мағынасында қолданылады. 惊弓之鸟 (тура мағ. жебеден қорыққан құс). Жебенің дыбысын естіп, жарақат алған құс қорқыныштан құлап қалды. Сондықтан бұл фразеологизмнің мағынасы 风声鹤唳 фразеологизмнің мағынасына ұқсас [6, 85].

杯弓蛇影. Өз қиялынан қорқу. Аңыз бойынша бір адам өзінің бакалынан қабырғада ілініп тұрған жебенің көлеңкесін көріп, бакалда жылан бар деп ойлап қалып, шошып кеткен және қорқыныштан ауырып қалған. Үйдің иесі бұл жағдайды естіп, досына бакалдың ішінде жылан болмағанын, қабырғада ілініп тұрған жебенің көлеңкесі бакалға түскенін түсіндірді. Осы аңыздың негізінде 杯弓蛇影 фразеологизмі пайда болды. Өз қиялынан пайда болған қауіптен қорқу мағынасында қолданылады [6, 83].

**Қорытынды.** Бұл зерттеуде қорқыныш эмоциясын білдіретін қазақ, қытай тілдерінің фразеологизмдері жинақталды. Зерттеуде ұсынылған кестелерге сүйене отырып, ұлттық ерекшеліктер фразеологиялық құрылымдарда өз іздерін қалай қалдырғанын байқауға болады. Зерттеу барысында қорқыныш эмоциясын білдіретін фразеологизмдердің санында айырмашылық бары анықталды. Қазақ тілінде -60, қытай тілінде -40. Қорқыныш мағынасы бар фразеологизмдерге ең бай тіл қазақ тілі болып табылатынын атап өтуге болады. Бұл фактор фразеологиялық бірліктердің қалыптасуына ұлттық мәдениет, дін, тарихи оқиғалар мен құбылыстар әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Қазақ, қытай, тілдерінің фразеологизмдері ұлттық колоритті және тілдің тарихи дамуының ерекшелігін көрсетеді. Өйткені көптеген фразеологизмдер ертеден қазіргі таңға дейін қолданылып келеді. Әр тілде қорқыныш эмоциясы әр халықтың ұлттық мәдениетімен байланысты әр түрлі беріледі. Екі тілде фразеологизмдерді лингвомәдени

тұрғысынан талдау кезінде екі тілдің фразеологиясында ортақ белгілері мен ұлттық-мәдени ерекшеліктері барын анықтадық. Эмотивті фразеологизмдерді білу қазақ, қытай тілі өкілдерінің өзара түсіну деңгейін жоғарылатуға, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Ма Лин. Фразеологизмы, характеризующие психоэмоциональное состояние человека, как репрезентанты русской и китайской языковых картин мира: дис. кандидата филол. наук: 10.02.20 – Уфа, 2017. – 306 с.
2. Дәулетова П.Н. Қытай және қазақ тілдері фразеологизмдеріне лексикографиялық салыстырмалы талдау: филол. ғылымд. канд. дис. – Алматы, 1999.
3. Войцехович И.В. Практическая фразеология современного китайского языка. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 509 с.
4. Свенцицкий А.Л. Краткий психологический словарь. – М.: ТК Велби Проспект, 2008. – 512 с.
5. Еникеев М.И. Психологический энциклопедический словарь. – М.: ТК Велби Проспект, 2007. – 560 с.
6. Чэн Юйсяо. Сопоставительный анализ русских и китайских фразеологизмов со значением «эмоциональное состояние человека»: маг. дис. – Екатеринбург, 2016. – 111 с.
7. Ма Лин, А.М. Ямалетдинова. Семантический анализ фразеологизмов, характеризующих отрицательные психоэмоциональные состояния человека, в русском и китайском языках // Российский гуманитарный журнал. – 2016. – Т.5. – № 6. – С. 601-610.
8. Смағұлова Г. Н. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 252 б.
9. Абдурақын Н. Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 178 б.

### References

1. Ma Lin. Frazеologizmy, harakterizuyushchie psihoemocional'nye sostoyanie cheloveka, kak reprezentanty russkoj kitajskoj yazykovyh kartin mira. dis. kand. filol. nauk [Phraseological units characterizing the psycho-emotional state of a person as representatives of Russian and Chinese language pictures of the world: dissertation of the Candidate of Philological Sciences] (Ufa, 2017, 306 p.). [in Russian]
2. Dauletova P.N. Kytaj zhane kazak tilderi frazeologizmderine leksikografiyalik salystyrmaly taldaу: filol.gylymd.kand.dis. [Lexicographic comparative analysis of phraseology of Chinese and Kazakh languages: dissertation of the Candidate of Philological Sciences] (Almaty, 1999). [in Kazakh]
3. Voitsekhovich I.V. Prakticheskaya frazeologiya sovremennogo kitajskogo yazyka [Practical phraseology of the modern Chinese language] (AST: Vostok-Zapad, Moscow, 2007, 509 p.). [in Russian]
4. Svetsitsky A.L. Kratkij psihologicheskij slovar' [A brief psychological dictionary] (Velbi Prospekt, Moscow, 2008, 512 p.). [in Russian]
5. Enikeev M.I. Psihologicheskij encephedicheskij slovar' [Psychological Encyclopedic Dictionary] (Velbi Prospekt, Moscow, 2007, 560 p.). [in Russian]
6. Chen Yujsyao. Sopotavitel'nyj analiz russkih i kitajskih frazeologizmov so znacheniem «emocional'noe sostoyanie cheloveka» mag.dis. [Comparative analysis of Russian and Chinese phraseological units with the meaning «emotional state of a person»: master dissertation] (Ekaterinburg, 2016, 111 p.). [in Russian]
7. Ma Lin, A.M. Yamaletdinova. Semanticheskij analiz frazeologizmov, harakterizuyushchih otritel'nye psihoemocional'nye sostoyaniya cheloveka, v russkom i kitajskom yazykah [Semantic analysis of phraseological units characterizing negative psycho-emotional states of a person in Russian and Chinese], Rossijskij gumanitarnyj zhurnal [Russian Humanitarian Journal], 5(6), 601-610 (2016). [in Russian]
8. Smagulova G. N. Magynalas frazeologizmder sozdigi [Dictionary of semantic phraseology] (Eltanym publishing house, Almaty, 2010, 252 p.). [in Kazakh]

9. Abdurakyn N. Kytai-Kazakh frazeologiyalyk sozdigi [Chinese-Kazakh phraseological dictionary] (Almaty, Kazakh University, 2012. 178 p.). [in Kazakh]

**М.С. Алшынбекова, Н.З. Жуманбекова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

### **Лингвокультурологический анализ эмотивных фразеологизмов казахского и китайского языков**

**Аннотация.** В языке каждого народа есть словосочетания, обозначающие национальный колорит. В фразеологизмах информация о национальной культуре и истории народа сохраняется. Казахские и китайские фразеологизмы характеризуются своими независимыми культурными различиями. Это, в свою очередь, препятствует пониманию фразеологизмов казахского и китайского языков.

В данной статье рассматривается специфика использования фразеологизмов, выражающих эмоции человека с точки зрения лингвокультурологии казахского и китайского народов. Кроме того, проанализированы сходства и различия между казахским и китайскими фразеологизмами, рассмотрены культурные особенности двух народов.

В статье представлены результаты проведенного анализа, описано влияние языка на формирование фразеологизмов, раскрыт результат воздействия исторических, социальных и культурных событий и явлений на развитие языка.

Сегодня сопоставительная фразеология рассматривается всесторонне, глубоко изучаются теоретические и практические прикладные аспекты. Кроме того, изучение фразеологизмов в лингвокультурологическом аспекте в национальном языке каждого народа играет огромную роль.

Понимание фразеологизмов тесно связано с культурной коннотацией народа. Эта статья поможет изучающим китайский язык понять культурную коннотацию двух народов, улучшить свои коммуникативные навыки. Сравнительное исследование фразеологизмов на двух языках даст возможность использовать фразеологизмы для соответствующего использования в речи, чтобы избежать недоразумения в межкультурном общении, предотвратит большие трудности в обучении. Материалы статьи представляют практическую ценность для преподавателей и студентов, изучающих лингвистику и языки.

В данной статье было рассмотрено 100 эмотивных фразеологизмов, в том числе на казахском языке 60, на китайском языке 40.

**Ключевые слова:** эмоция, фразеология, фразеологизмы, лингвокультурология, культура, культурная коннотация, картина мира.

**M. S. Alshynbekova, N. Z. Zhumanbekova**

*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Linguoculturological analysis of emotive phraseological units in the Kazakh and Chinese languages**

**Abstract.** The language of every nation has phrases denoting national identity. In phraseology, information about the national culture and history of the people is preserved. Kazakh and Chinese phraseological units are characterized by their independent cultural differences. This, in turn, hinders the understanding of phraseological units of the Kazakh and Chinese languages.

This article contains the specifics of the use of phraseological units that express emotions. The linguoculturology of the Kazakh and Chinese peoples are taken into account. In addition, the similarities and differences between the Kazakh and Chinese phraseological units are analyzed; the cultural characteristics of the two peoples are considered.

The article presents the results of the analysis, describes the influence of language on the formation of phraseological units, reveals the result of the impact of historical, social, and cultural events and phenomena on the development of the language.

Today, comparative phraseology is considered comprehensively; theoretical and practical applied aspects are deeply studied. In addition, the study of phraseological units in the linguoculturological aspect in the national speech of each nation plays an enormous role.

The understanding of phraseological units is closely connected with the cultural connotation of the people. This article will help Chinese learners to understand the cultural connotation of the two peoples and improve their communication skills. A comparative study of phraseologists in two languages will provide an opportunity to use phraseological units for appropriate use in speech, in order to avoid misunderstandings in intercultural communication, and prevent great learning difficulties. The materials of the article are of practical value for teachers and students studying linguistics and languages.

In this article, 100 emotive phraseological units were considered, including 60 units in Kazakh and 40 units in Chinese.

**Keywords:** emotion, phraseology, phraseological units, linguoculturology, culture, cultural connotation, picture of the world.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Алшынбекова М.С.** – филология факультетінің докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Жуманбекова Н.З.** - ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Alshynbekova M. S.** - PhD student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Zhumanbekova N. Z.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.